

Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 176/3 қаулысы. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 сәуірде N 110 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 28/1 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2010.01.25 N 28/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

2. 1-қосымшаға сәйкес, қала әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Ақсу қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 19 ақпандағы "Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру ережесін бекіту туралы" N 109/1 қаулысының күші жойылсын.

4. Қала әкімдігінің осы қаулысы ол ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Қала әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасарлары Б.Ш. Ағжановқа және Е.М. Рахымжановқа жүктелсін.

Қала әкімі

О. Қайыргелдинов

Ақсу қаласы әкімдігінің
2009 жылғы 6 сәуірдегі N 176/3
қаулысымен бекітілді

Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Ақсу қаласының аумағында тұрақты өмір сүретін азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік қызмет көрсетуді, әлеуметтік көмек төлеуді жүзеге асыру және тағайындауды талдап тексереді.

2. Әлеуметтік төлемдер мына түрлерде беріледі:

- 1) туберкулезбен ауыратын тұлғаларға жәрдемақылар;
- 2) біржолғы әлеуметтік көмек;
- 3) онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғаларға жәрдемақылар;
- 4) дәрі сатып алуға әлеуметтік көмек;
- 5) денсаулықты жақсартуға әлеуметтік көмек;

6) "Ақсу қаласының құрметті азаматы" атағы бар тұлғаларға коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер беру;

7) жерлеуге жәрдемақы;

8) аз қамтамасыз етілген отбасылардағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарында оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек (бұдан әрі - оқуға ақы төлеу үшін Әлеуметтік көмек);

9) тегін тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік көмек;

10) қысқа мерзімді курстарда оқитын жұмыссыздарға материалдық көмек;

11) жеке үйлерде тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушыларына коммуналдық қызметтер бойынша шығындардың орнын толтыруға әлеуметтік көмек;

12) туберкулезбен ауыратын науқастарға тамақтануға және жол жүруіне материалдық көмек;

13) мүгедек балаларға компьютер сатып алуға материалдық көмек.

3. Аталған көмек түрлерінің әрқайсысы, осы нұсқаулықпен көзделген көмектің (жәрдемақының) басқа түрлерін алғанға қарамастан тағайындалады және төленеді, және күнтізбелік жыл ішінде ақшалай нысанда біржолғы беріледі (Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына (бұдан әрі - ҰОС) көрсетілетін көмектен басқа) дәрі алуға, Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі - ЧАЭС) апатты жоюға қатысқандарға және Ауған соғысына қатысқандарға денсаулықтарын жақсартуға; Ақсу қаласының құрметті азаматтарына коммуналдық қызметтер төлеміне; мұқтаж туберкулезбен ауыратын және онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғаларға тегін тамақтануға; аз қамтамасыз етілген отбасылардағы және ата-анасының

камқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне оқуына ақы төлеуге, өмір сүруіне, тамағына және тұратын жеріне жүріп-тұруына әлеуметтік көмек.

4. Қаржыландыру көзі - қалалық бюджет.

5. Төлем, қолданыстағы заңмен бекітілген тәртіпте, қалалық бюджетпен тиісті жылға бекітілген сомалар шегінде, Халықтық Банк филиалы және тұрғылықты жері бойынша "Қазпочта" АҚ арқылы алушылардың есеп шотына аудару жолымен іске асырылады.

6. Өтініш иесі, шартты тізбеге сәйкес "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Бөлім) жазбаша өтініш береді және қажетті құжаттарды тапсырады.

7. Өтініш иесі әлеуметтік осы және басқа төлемдерді алу құқығына әсер ететін барлық өзгерістер туралы Бөлімді хабардар етеді.

2. Туберкулезбен ауыратын тұлғаларға жәрдемақы

8. Туберкулезбен ауыратын тұлғаларға жәрдемақы отбасының табысы мен құрамына қарамастан тағайындалады және күнтізбелік жыл ішінде ақшалай нысанда біржолғы беріледі. Төлемнің мөлшері 6 000 (алты мың) теңгені құрайды.

9. Жәрдемақыны тағайындау үшін мыналарды ұсыну қажет: "Қазпочта" АҚ есеп шоты, салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетілген, осы әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші; жеке куәлігінің көшірмесі; баланың туу туралы куәлігі; тұрғылықты тіркелген мекенін растайтын құжаттың көшірмесі, Ақсу қаласының туберкулезге қарсы ауруханасынан (бұдан әрі - тубаурухана) диагнозын растайтын анықтама.

10. Төлемдердің мөлшері:

ауылдық өңірде тұратындарға және амбулаториялық емделуде тұрғандарға тамақтануға және жол жүруге - 4 АЕК;

18 жасқа дейінгі туберкулезбен ауыратын балалары бар отбасыларына - 10 АЕК;

4 "Г" санатындағы туберкулезбен ауыратындарға - 10 АЕК құрайды.

3. Біржолғы әлеуметтік көмек

11. Бір жолғы әлеуметтік көмекке (бұдан әрі - Көмек) азаматтардың келесі санаттарының құқығы бар:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер 9 мамыр – Жеңіс күнін мерекелеуге. Көмектің мөлшері - 15 (он бес) ең төменгі есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК);

2) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына телефон орнатуға. Көмектің мөлшері - 13 000 (он үш мың) теңгеден көп емес; ерекше жағдайларда радиоұзартқышты қондыруға қажет, көмектің мөлшері 170 000 (жүз жетпіс мың) теңгеден көп емес соманы құрайды;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тіс протезін салуға. Көмектің мөлшері нақты құны бойынша, бірақ 10 (он) АЕК артық емес;

4) ауылдық жерде тұратын, Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері, ЧАЭС апаты салдарын жоюға қатысқандарға тоқсанына бір рет облыс орталығына бару және кері қайту жолына төлеу. Көмектің мөлшері екі жаққа бару үшін пайдаланылған билеттер бойынша;

5) Астана және Алматы қалаларындағы республикалық госпитальдарға бару үшін Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне, ЧАЭС апаты салдарын жоюға қатысқандарға жылына бір рет темір жол көлігімен жол ақысын төлеу. Көмектің мөлшері екі жаққа бару үшін пайдаланылған билеттер бойынша;

6) Ауғанстанның әскери қызметкерлері - Ауғанстаннан әскерлерді шығарған күнге. Көмектің мөлшері 5 (бес) АЕК;

7) Астана қаласына және Алматы қаласына денсаулық сақтау департаментінің жолдамасымен Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілген сырқаттар, жылына бір рет темір жол көлігімен жол ақысын төлеу. Көмектің мөлшері екі жаққа бару үшін пайдаланылған билеттер бойынша;

8) жалғызділікті және жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге қатты отын алуға. Көмектің мөлшері, бір тонна қатты отынның құны туралы және от жағылатын мерзімге тиісті қоныстанған пунктке көмірді жеткізу шығыны туралы "Ақсу қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі беретін мәліметке сәйкес анықталады.

9) жас мамандар – Ақсу өңіріне жұмысқа орналасуға жіберілген, педагогикалық және медициналық мамандықтардың, сонымен қатар облыс әкімінің грантымен оқыған, жоғары оқу орындарының түлектері - көмектің мөлшері 70 (жетпіс) АЕК.

10) жан басына шаққандағы орташа табысы бекітілген азық-түлік себеті құнынан аспайтын, тұрмысы төмен азаматтар, жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ, бас бостандығынан айыру орнынан келген тұлғаларды - құжаттандыруға. Көмектің мөлшері нақты баға бойынша анықталады;

11) ҰОС мүгедектері мен қатысушылары және ағымдағы жылдың 1 сәуірінен 9 мамыры кезеңде қайтыс болған ҰОС қатысушыларының отбасыларына - сыйлықтар жиынтығына.

Көмектің мөлшері - 5 (бес) АЕК;

12) "Ақсу қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің, "Ақсу қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің,

Павлодар облысы денсаулық сақтау Басқармасының Ақсу қаласы бойынша өкілінің тізімдеріне сәйкес, ауылдық жерде тұратын білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қамтамасыз ету, жалғыздықты және жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге үйге барып әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің мамандарына - қатты отын алуға. Көмектің мөлшері - 5 (бес) АЕК.

13) жалғыздықты және жалғыз тұратын мүгедектер, Мүгедектер күніне, жалғыздықты және жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге үйге барып әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тізіміне сәйкес. Көмектің мөлшері - 2 (екі) АЕК;

14) "Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін" медалімен, "Ленинградты қорғағаны үшін", "Москваны қорғағаны үшін", "Одессаны қорғағаны үшін", "Севастопольды қорғағаны үшін", "Сталинградты қорғағаны үшін", "Кавказды қорғағаны үшін", "Кеңестік Заполярьені қорғағаны үшін" бұрынғы КСР Одағының ордендерімен, медальдарымен наградталған тыл еңбеккерлері, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Құрсаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар, концлагерьлердің, геттолардың және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған басқа да еріксіз ұстау орындарының бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары, ҰОС қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары мен екінші рет некеген отырмаған жесірлері; қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелі (ері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен наградталған азаматтар; Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандарда ұрыс қимылдарына қатысқан әскери қызметшілер мен ерікті құрамдағы адамдар, партизандар мен астыртын ұйымдар мүшелері, ерікті құрамдағы әскери қызметшілер; "Жапонияны жеңгені үшін", "Германияны жеңгені үшін" медальдарымен наградталып, осы медальдарға куәліктері бар адамдар; 1941 жылдың 22 маусымынан бастап 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде кем дегенде алты ай жұмыс істеген азаматтар. Көмектің мөлшері 5 (бес) АЕК;

15) Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқандар. Көмектің мөлшері 2 (екі) АЕК;

16) Төтенше жағдайлар кезінде жазатайым оқиғаға ұшырағандар, зілзала апаты, өрт салдарынан өмір сүруге қаражатсыз қалған, тұлғалар өртке қарсы қызметтің өрт туралы актісі немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген, уәкілетті органмен берілген қорытынды бойынша. Көмек мөлшері - 50 (елу) АЕК;

17. Мүгедектер күніне - 1 және 2 топтағы мүгедектер, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар. Көмек мөлшері - 1 (бір) АЕК;

18) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге пәтерлерін ағымдағы жөндеу жұмысы. Көмек мөлшері - 15 000 (он бес мың) теңге;

19) "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталған немесе "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталғаны туралы мұрағаттың анықтамасы бар азаматтар. Көмек мөлшері -4 (төрт) АЕК;

20) 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалары бар мүгедек-әйелдер. Көмек мөлшері - 1 (бір) АЕК;

21) 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеуші отбасылары. Көмек мөлшері - 1 (бір) АЕК;

22) Павлодар облысы бойынша жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті бекіткен кесте бойынша, "Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы" қоғамдық ұйымының Ақсу қалалық филиалы ұсынған тізімге сәйкес, Астана қаласына экскурсияға қатысу үшін соғыс және еңбек ардагерлері, құрметті азаматтар, аймақтың дамуына үлес қосқан, еңбегі сіңген тұлғалар. Көмектің мөлшері жолдаманың нақты құны бойынша анықталады;

23) медициналық академияның 7 - курс студенті. Көмектің мөлшері тиісті оқу жылындағы келісімге сәйкес анықталсын;

24) жалпы білім беру бағдарламасы бойынша 18 жасқа толмаған, мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына компьютерлік техника алуға 100 000 (жүз мың) теңге біржолғы материалдық көмек, келесі құжаттар қоса берілген өтініші бойынша: "Ақсу қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі" мемлекеттік мекемесінің қорытындысы; дәрігерлік-кеңес комиссиясының хаттамасынан үзіндінің көшірмесі; медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі;

25) "Батыр ана" белгісімен, "Алтын алқа" алқасымен наградталған әйелдерге, ҰОС қатысушыларға 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне 1,5 АЕК мөлшерінде, сондай-ақ 100-ден асқан көп жасаған әйелдерге 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде сыйлықтар жинағы;

26) жүкті әйелдерге 5 (АЕК) мөлшерінде біржолғы материалдық көмек, келесі құрамда дәрігерлік-кеңес комиссиясының берген анықтамасының негізінде: дәрігерлік-кеңес комиссиясының төрағасы, әйелдер консультациясы мен учаскелік гинеколог-дәрігермен куәландырылған;

27) меншік құқығында тұрған жеке үйлерде тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушыларына үйге сумен жабдықтау жүйесін жүргізуге әлеуметтік біржолғы көмек. 2009 жылғы 15 маусымдағы "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен әкімшілік

бағдарламасының бекітілуімен, сметаға сәйкес нақты шығындар бойынша көмектің мөлшері 100 АЕК дейін.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2009.07.15 N 403/4 қаулысымен.

12. Осы нұсқаулықтың 11- тармағының 1), 6), 11), 14), 15), 17), 18), 21) тармақшаларында көрсетілген азаматтардың тізімдері, "Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облыстық филиалы Ақсу аудандық бөлімшесі (бұдан әрі - МЗТО) берген тізімге сәйкес, төлемге қалыптастырылады.

13. Өтініш иесі тапсыратын құжаттардың тізіміне (осы нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетілген санаттағылар үшін):

1) есеп шоты мен банктің аты көрсетілген, осы әлеуметтік көмекке құқылы адамның өтініші;

2) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі;

3) әлеуметтік жеке кодының көшірмесі;

4) жеке куәлігінің көшірмесі;

5) әлеуметтік мәртебесі туралы куәлігінің көшірмесі;

6) тұратын мекені тіркелімін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) екі жаққа бару үшін пайдаланылған билеттер (4, 5, 7- тармақшалар үшін);

8) қосымша құжаттар тапсырылады:

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 2) тармақшасына: - "Қазақтелеком" ААҚ Ақсу филиалының телефон орнатуға техникалық мүмкіндіктердің бар екендігі туралы растауы;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 3) тармақшасына - емдеу мекемесінен тіс протезін салудың бағасы туралы есепшот;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 5) тармақшасын - емдеу жүргізген фактілерді растайтын үзіндінің көшірмесі;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 7) тармақшасына - денсаулық сақтау департаменті жолдамасының көшірмесі; емдеу жүргізген фактіні растайтын үзіндінің көшірмесі, сондай-ақ бірге жүруші адам қажет болғанда медициналық мекеменің медициналық-консультативтік комиссиясының қорытындысы, екі жаққа бару үшін пайдаланылған билеттер мен жеке куәлігінің көшірмесі;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 8) тармақшасына - үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің қызметкері жасаған өтініш берушінің материалдық-тұрмыстық жағдайы туралы акт (бұдан әрі-Акт);

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 9) тармақшасына - жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломның көшірмесі (ЖОО); жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтың көшірмесі; ЖОО бітірушіні Ақсу өңіріне бөлгені туралы құжаттың көшірмесі;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 10) тармақшасына - Бөлімнің маманымен құрастырылған акт; ауыл тұрғындарына – Ақсу кенті, ауылдар және селолық округі әкімімен құрастырылған қолдаухат пен акті;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 16) тармақшасына - өртке қарсы қызметтың өрт туралы актісі немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген, уәкілетті органмен берілген қорытынды;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 19) тармақшасына - "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталғаны туралы құжаттың көшірмесі немесе "Құрметті донор", "Почетный донор" белгісімен наградталғаны туралы мұрағаттың анықтамасы;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 20) тармақшасына - мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі, балалардың тууы туралы куәліктің көшірмесі;

осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 23) тармақшасына - осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес өзара міндеттемені қабылдауға келісім және жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломның көшірмесі.

4. Онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғаларға көмек

14. Онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғаларға жәрдемақы отбасының табысы мен құрамына қарамастан тағайындалады және күнтізбелік жыл ішінде ақшалай нысанда бір рет беріледі.

15. Жәрдемақыны тағайындау үшін мыналарды ұсыну қажет: осы әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші; жеке куәлігінің, баланың туу туралы куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің, есеп шотының, жеке әлеуметтік кодының, тұрғылықты тіркелген мекенін растайтын құжаттың көшірмесі; емдеу мекемесінің диагнозын растайтын анықтама.

16. Төлемнің мөлшері 7000 (жеті мың) теңгені құрайды.

5. Дәрі алуға және гигиеналық құралдар алуға әлеуметтік көмек

17. Дәрі алуға әлеуметтік көмек ҰОС мүгедектері мен қатысушыларына "Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облыстық филиалы Ақсу аудандық бөлімшесі (бұдан әрі - МЗТО) берген тізімге сәйкес беріледі.

18. Көмектің мөлшері ай сайын 1 (бір) АЕК.

19. Мүгедектерге мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес, гигиеналық құралдар алуға әлеуметтік көмек.

20. Жәрдемақыны тағайындау үшін қажетті құжаттар: банк атауы мен есеп шоты көрсетілген осы әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі; жеке куәлігінің көшірмесі; мүгедекті оңалту жеке бағдарламасының көшірмесі; тұрғылықты мекенінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

6. Денсаулығын жақсартуға әлеуметтік көмек

21. Денсаулығын жақсартуға әлеуметтік көмек Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқандар және Ауған соғысына қатысқандарға "Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облыстық филиалы Ақсу аудандық бөлімшесі (бұдан әрі - МЗТО) берген тізімге сәйкес беріледі.

22. Көмектің мөлшері тоқсан сайын 2 (екі) АЕК.

7. Коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер беру

23. "Ақсу қаласының құрметті азаматы" атағы бар тұлғаларға коммуналдық қызметтерге төлеуге жеңілдіктер беріледі.

24. Жәрдемақыны тағайындау үшін қажетті құжаттар: есеп шоты мен банктің аты көрсетілген, осы әлеуметтік көмекке құқылы адамның өтініші; салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі; әлеуметтік жеке кодының көшірмесі; жеке куәлігінің көшірмесі; тұрғылықты мекенінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі; "Ақсу қаласының құрметті азаматы" атағын алу фактісін растайтын құжаттың көшірмесі; коммуналдық қызметтерді төлеу туралы түбіртек.

25. Көмектің мөлшері тапсырылған коммуналдық қызмет төлемі бойынша түбіртектерге сәйкес, жылумен жабдықтау және сумен жабдықтау коммуналдық қызметтер үшін құнының 50 % мөлшерінде, ай сайын 50 КВт электрқуаты, телефон үшін ай сайынғы абоненттік төлем, "Ақжол - Новый путь" қалалық газетіне жылдық жазылу.

8. Жерлеуге жәрдемақы

26. Жәрдемақы қайтыс болған уақытта Бөлімде есепте тұрған жұмыссыздарға жерлеуге тағайындалады.

27. Жәрдемақыны тағайындау үшін қажетті құжаттар: есеп шоты мен банктің аты көрсетілген, жерлеу жабдығын өткізетін адамның өтініші; жеке куәлігінің көшірмесі; АХАТ органдарынан анықтама; қайтыс болған адамның қайтыс болғандығы туралы куәлігі; марқұмның мәртебесін растайтын құжаттар.

28. Көмектің мөлшері ай сайын 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш.

29. Жәрдемақыға құқығы туындаған күннен бастап тағайындалады, егер өтініш осы құқығы туындаған күннен бастап 6 айдан аспай түскен болса.

9. Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарында оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек

30. Отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы бекітілген күн көріс минимумы мөлшерінен (ағымдағы жылдың 2 - тоқсаны) аспаған жағдайда және табысы есепке алынбай мектеп түлектеріне, алуға үміткерлерді іріктеуді өткізу жөніндегі қалалық комиссияның (бұдан әрі - іріктеуді өткізу жөніндегі комиссия) шешімі бойынша конкурстық негізде тағайындалады. Олардың әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүру жағдайының акті мен жиынтық табысы туралы мәліметтер бір рет оқу төлемі үшін әлеуметтік көмек тағайындағанда тапсырылады.

Облыстың жоғары оқу орнында оқу мерзімінде аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы студенттерге және жетім студенттерге өмір сүруіне, тамағына және тұратын жеріне жүріп - тұруына әлеуметтік көмек беріледі.

Өмір сүруіне, тамағына және тұратын жеріне жүріп-тұруына әлеуметтік көмек, облыстың жоғары оқу орындарында оқу төлемі үшін әлеуметтік көмек алатын аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне тағайындалады.

31. Оқу төлемі үшін әлеуметтік көмек, жоғары оқу орнымен оқу курсына қатысуы мен үлгерімі расталған соң, тиісті оқу жылында екі рет оқудың нақты құны мөлшерінде өтініш берушінің есеп шотына аударылады.

Өмір сүруіне, тамағына және тұратын жеріне жүріп-тұруына әлеуметтік көмек ай сайын 7000 (жеті мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі.

32. Оқу төлемі үшін әлеуметтік көмек тағайындауға қажетті құжаттардың тізімі:

1) Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі - Нұсқаулықтың) Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы N 169/5 қаулысымен бекітілген, аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарында оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы нысан бойынша өтініш;

2) Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес, аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектерінің нысан бойынша материалдық-тұрмыстық жағдайы туралы акт;

3) тұрғылықты мекенінде тіркелгенін растайтын құжат;

4) отбасының табысы туралы анықтама, жұмыссыз азаматтарға жұмыспен қамту қызметінде тіркелгені туралы анықтама (аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы жалпы білім беретін мектеп түлектеріне);

5) ата-анасының қайтыс болғандығы туралы анықтама (ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне);

6) қамқоршы тағайындағаны туралы шешім (ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне);

7) Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес, білім беру қызметін көрсетуге үш жақты келісім-шарт;

8) Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес, Ақсу қаласы бойынша еңбек нарығының қажеттігіне сәйкес кадрлар қажеттігі туралы Комиссияның төрағасына анықтама;

9) салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

33. Оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмекке үміткердің материалдық-тұрмыстық жағдайы туралы актіні Бөлім құрастырады.

Комиссияның шешімі негізінде оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек алған адам, Бөлімге қосымша мыналарды тапсырады:

тұрғылықты жері бойынша Халықтық Банк филиалында ашқан есеп шотының нөмірі;

жеке куәлігі;

бірыңғай ұлттық тестілеуді өту нәтижесінде алған балының саны туралы сертификат.

10. Тегін тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік көмек

34. Тегін тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік көмек, туберкулезге қарсы аурухана берген тізім бойынша, мұқтаж туберкулезбен ауыратындарға және тубвиражды азаматтарға:

қалада тұратын азаматтарға, бір жолғы тамақ.

35. Туберкулезге қарсы аурухана тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін ай сайын туберкулезбен ауыратындар мен тубвиражды азаматтардың тізімін Бөлімге тапсырады. Тапсырылған тізімдер бойынша Бөлім тиісті айдағы жұмыс күніне тең мөлшерде бір жолғы тамаққа талон береді:

бір жолғы тамаққа тиісті айдағы жұмыс күнінің санына тең.

36. Туберкулезбен ауыратындар мен тубвиражды азаматтарды тегін тамақпен қамтамасыз етудің төлемақысы Бөліммен қолданыстағы заңнамамен белгіленіп, анықталған тәртіппен, орындалған жұмыстардың нәтижесі негізінде айына бір рет, Бөлім жабдықтаушының есеп шотына аударылады.

11. Қысқа мерзімді курстарда оқитын жұмыссыздарға материалдық көмек

37. Жұмыспен қамту бөлімінде тіркелген жұмыссыздарға, кәсіби даярлықтан, қайта даярлаудан және кәсіби біліктілігін арттыруды өту мерзіміне материалдық көмек көрсетіледі.

38. Материалдық көмекті тағайындау үшін қажетті құжаттар: осы әлеуметтік көмекке құқылы адамның өтініші; "Қазпочта" АҚ есеп шоттың, әлеуметтік жеке кодының көшірмесі, жеке куәлігінің, тұрғылықты мекенінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі; кәсіби даярлықтан, қайта даярлаудан және біліктілігі артыруды өту жөніндегі шарттың көшірмесі.

39. Материалдық көмек білім мекемесі, сабаққа қатысу туралы табельді тапсырғаннан кейін, кәсіби даярлықтан, қайта даярлаудан және біліктілігін артыруды өту мерзімінде, ай сайын өтініш иесінің есеп шотына 7 000 (жеті мың) теңге аударылады.

12. Азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын-үй қызметі төлеміне материалдық көмек

40. Тұрғын-үй қызметі төлеміне материалдық көмек азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

- 1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен ардагерлеріне;
- 2) ЧАЭС апат салдарын жоюға қатысқандарға;
- 3) Ауғанстандағы соғыс қимылдары кезеңінде жүргізілген қатысушыларына;
- 4) Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгерлердің жесірлеріне;
- 5) "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен марапатталған азаматтар және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған адамадар;
- 6) жалғыздікті және жалғыз тұратын зейнеткерлерге;
- 7) зейнетақысын аз мөлшерде алатын зейнеткерлерге;
- 8) бейбіт уақытта әскери қызмет өткеру кезінде қаза болған (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары;
- 9) концлагерлердің жасы кәмелетке толмаған тұтқындары.

41. Осы Нұсқаулықтың 41-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 8), 9) тармақшаларында көрсетілген азаматтар үшін көмектің мөлшері - 1 (бір) АЕК ай сайын.

42. Осы Нұсқаулықтың 41-тармағының 6), 7) тармақшаларында көрсетілген азаматтар үшін көмектің мөлшері - 2 (екі) АЕК тоқсан сайын.

43. Осы Нұсқаулықтың 6) тармақшасымен көрсетілген азаматтарға көмек алуды тағайындау үшін есеп шоты мен банк атауы көрсетілген әлеуметтік төлемақыға құқығы бар тұлғаның өтініші; салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесі, әлеуметтік жеке кодының көшірмесі, өтініш иесінің жеке куәлігінің көшірмесі; тұрғылықты жерін мекенінде растайтын құжаттық көшірмесі, коммуналдық қызметке төлем ақы төлеу туралы түбіртекті ұсыну қажет.

44. Осы Нұсқаулықтың 41- тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7), 8), 9) тармақшаларында көрсетілген азаматтардың тізімдері, "Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облыстық филиалы Ақсу аудандық бөлімшесі (бұдан әрі - МЗТО) берген тізімдерге сәйкес төлемге қалыптастырылады.

45. Жеке үйлерде тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушыларына электрэнергияға, отын сатып алуға шығындардың орнын толтыруға материалдық көмек.

46. Көмектің мөлшері - 5 (бес) АЕК ай сайын.

13. Әлеуметтік - әлжауз және аз қамтылған отбасыларға жеке ауласын дамытуға арналған әлеуметтік көмек

47. Ақсу қаласының ауыл аймағының әлеуметтік - әлжауз және аз қамтылған отбасыларына жеке ауласын дамытуға арналған біржолғы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - Әлеуметтік көмек) көрсету. Әлеуметтік көмек атаулы әлеуметтік көмек сұраған адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін арнайы комиссиясының (бұдан әрі – Учаскелік комиссия) шешімі бойынша тағайындалады. Әлеуметтік көмек алушылар туралы мәлімет ауыл, ауылдық округтер және кент әкімдері береді. Әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүру жағдайының тексеру актісі бір рет жеке ауласын дамытуға Әлеуметтік көмек тағайындаған кезде тапсырылады.

48. Жеке ауласын дамытуға Әлеуметтік көмек 3 (үш) бас ірі қара мал сатып алу үшін 150 000 (жүз елу мың) теңге мөлшерінде өтініш берушінің есеп шотына аударылады.

49. Жеке ауласын дамытуға Әлеуметтік көмек тағайындауға қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) осы Әлеуметтік төлемге құқығы бар тұлғаның өтініші;
- 2) Әлеуметтік көмек алушының әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүру жағдайын тексеру актісі;
- 3) тұрғылықты жеріне тіркелгенін растайтын құжат;
- 4) отбасының табысы туралы анықтама, жұмыссыз азаматтарға жұмыспен қамту бөлімінде тіркелгені туралы анықтама;
- 5) салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

50. Жеке ауласын дамытуға арналған Әлеуметтік көмек үміткердің әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүру жағдайының тексеру актісін Учаскелік комиссия құрастырады.

51. Учаскелік комиссияның шешімі негізінде жеке ауласын дамытуға арналған әлеуметтік көмек алған тұлға, Бөлімге қосымша мыналарды тапсырады:
тұрғылықты жері бойынша Халықтық Банк филиалында ашқан есеп шотының нөмірін;
жеке куәлігін.

14. Есеп жүргізу және есеп беру

52. Әлеуметтік төлемдерді көрсетуге қаражаттың жұмсалыуының есебін және есеп беруін Бөлім жүзеге асырады. Бөлім есеп берулерді "Ақсу қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тапсырады.

53. Негізінде әлеуметтік төлемдер көрсетілетін алғашқы құжаттар, (белгіленген тізбеге сәйкес Өтініш иесімен тапсырылатын өтініш, құжаттар) Бөлімде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мерзім ішінде сақталады.

Ақсу қаласы әкімдігінің 2009 жылғы
6 сәуірдегі N 176/3 қаулысымен
бекітілген

Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген
санаттарына әлеуметтік төлемдерді
беру нұсқаулығына
1-қосымша

Біржолғы тамаққа талон

Т.А.Ә. _____

Күні _____

Лауазымы қолы Уәкілетті орган

басшысының Т.А.Ә.

МО

Ақсу қаласы әкімдігінің 2009 жылғы
6 сәуірдегі N 176/3 қаулысымен
бекітілген Ақсу қаласында азаматтардың

Біржолғы азық-түлік жиынтығына талон
Т.А.Ә. _____

Күні _____

Лауазымы қолы Уәкілетті орган
басшысының Т.А.Ә.
МО

Ақсу қаласы әкімдігінің 2009 жылғы
6 сәуірдегі N 176/3 қаулысымен
бекітілген
Ақсу қаласында азаматтардың
жекелеген санаттарына әлеуметтік
төлемдерді беру нұсқаулығына
3-қосымша

Өзара міндеттемені қабылдауға
КЕЛІСІМ

" "

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы негізінде бір жағынан іс-әрекет жасайтын Ақсу қаласының әкімі _____, екінші жағынан "Ақсу орталық ауруханасы" қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, бас дәрігері Бейбіт Ділдәшұлы Шақабаяев, бұдан әрі "Жұмыс беруші" және "Интерн (ЖҰМЫСҚЕР)" деп аталатын

(тегі, аты, әкесінің аты)
осы келісімді жасады.

1. Келісімнің мәні

Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру ережелеріне сәйкес, кейін Ақсу қаласында жұмысқа орналастырумен Интернге интернатурада оқуы бойынша шығынды қайтаруға біржолғы әлеуметтік көмек беру.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Ақсу қаласы әкімінің міндеттемелері:

1) Қала әкімдігінің қаулысымен бекітілген, Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек беру Ережелеріне сәйкес бюджет қаражатын қаржыландыру шамасына қарай оның есеп шотына аудару арқылы "Интернге" төлем жүргізу.

2.2. Ақсу қаласы әкімінің құқықтары:

1) "Интерннен" және "Жұмыс берушіден" осы келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді адал және тиісінше орындауды талап ету;

2) Осы келісімнің 2.3 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде жыл сайын 1 қазанға дейін "Жұмыскердің" жұмыс орнынан анықтама сұрату;

2.3. Интерннің (ЖҰМЫСКЕРДІҢ) міндеттемелері:

1) Интерннің есеп шотына аударылған, қалалық бюджеттің қаражатынан Семей мемлекеттік академиясының интернатурасында оқуының шығынын қайтару және 1 айдың ішінде уәкілетті орган – Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне төленгені туралы түбіртеккі тапсыру;

2) "Ақсу орталық ауруханасы" қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында алған біліктілігі бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтеу (бұдан әрі - жұмыс істеу мерзімі), барлық мерзім ішінде жыл сайын жұмыс орнынан анықтама тапсыру;

3) Дайындаудың жеке бағдарламасын орындамағаны, сонымен қатар осы келісімнің 1), 2) тармақшаларындағы міндеттемелерді орындамағаны үшін интернатурадан шығарылған жағдайда, 1 ай ішінде қалалық бюджетке барлық қаражатты қайтару.

2.4. ИНТЕРННІҢ (ЖҰМЫСКЕРДІҢ) құқықтары:

1) жеке пікірлері мен сенімдерін еркін білдіруге; өзіне сыйлы қарым-қатынасты талап ету;

2) Ақсу қаласының әкімі мен "Жұмыс берушіден" осы келісімге сәйкес өздеріне алған міндеттемелерін адал және тиісінше орындауын талап ету.

2.5. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ міндеттері:

1) Тұрақты жұмысқа қабылдау

(тегі, аты, әкесінің аты)

интернатураны бітіргеннен кейін және мамандандыру профилі берілгені туралы куәлік алған соң тұрақты жұмысқа қабылдау;

2) "ЖҰМЫСКЕРДІҢ" кәсіби даярлығына, икемдігі мен біліктілігіне сәйкес жұмыспен қамту, еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелеріне сәйкес жұмыс орнын даярлау;

3) Осы келісімге қатысты қандай да өзгерістер болған жағдайда шешім қабылдағанға дейін уәкілетті орган - Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жедел хабарлау;

4) Егер жұмыспен өтеу мерзімі ішінде "Жұмыс берушіге" "Жұмыскерден" оның сұрауы бойынша жұмыстан босату туралы өтініш түскен жағдайда, "Жұмыс беруші" бұл жөнінде уәкілетті органға – Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жедел түрде хабарлауға тиісті және өтініш түскен күннен бастап бір ай өткенше "Жұмыскермен" еңбек келісімін тоқтатуға;

5) Осы келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді "Жұмыс беруші" орындамағанда, "Интерннің" қалалық бюджеттен біржолғы әлеуметтік көмек ретінде бөлінген ақшалай қаражатты қайтару бойынша "Жұмыс беруші" бірлесіп жауапты болады.

2.6. ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ құқықтары:

1) "Жұмыс беруші" Ақсу қаласының әкімі мен "Интерннен (Жұмыскерден)" осы келісімге сәйкес өздеріне алған міндеттемелерін адал және тиісінше орындауларын талап етуге.

3. Дауларды шешу тәртібі

3.1. Осы келісімнен немесе осы келісім бойынша туындайтын барлық даулар, тараптардың келісімімен шешіледі.

3.2. Егер, тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, дау азаматтық-құқықтық тәртіпте шешіледі.

4. Форс - мажорлық жағдайлар

4.1. Тараптар осы келісім бойынша, жарым-жартылай немесе толық өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер осы келісім жасалғаннан кейін күні бұрын біле алмаған немесе дұрыс шаралармен қақпайлай алмаған, апатты сипаттағы жағдайлардың нәтижесінде туындаған жеңілмейтін жағдайлардың салдары болып табылса. Бұл жағдайда осы келісім бойынша орындау мерзімі, ұқсас жағдайлар болған уақыт мерзімге шамалас мерзімге жылжытылады.

4.2. Қақпайлай алынбайтын күштердің жағдайларына мынадай жағдайлар жатады: өрт, жер сілкінісі, су тасқыны, апаттық жағдайлар, сонымен қатар осы келісімінің шартын орындауға бөгет болатын көтерілістер, кез келген сипаттағы әскери қимылдар.

5. Келісім-шарттың іс-әрекет мерзімі

Осы келісімшарт тараптармен қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және олар өз міндеттемелерін орындаған сәтке дейін күшінде болады.

6. Тараптардың заңды мекен-жайлары және банктік деректемелері

ТАПСЫРЫС БЕРУШІДЕН: Ақсу қаласының әкімі _____

М.О.

ЖҰМЫС БЕРУШІДЕН:

"Ақсу орталық ауруханасы" қазыналық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері Б. Шақабаев.

ИНТЕРН (ЖҰМЫСШЫ): _____

(Т.А.Ә., мекен – жайы)

Жеке басын растайтын құжат _____

Есеп шоты _____

СТН _____

ӘЖК _____

Үй мекен-жайы _____

Қолы _____

Ақсу қаласы әкімдігінің 2009 жылғы
6 сәуірдегі N 176/3 қаулысына
1-қосымша

Қала әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. Ақсу қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 17 сәуірдегі "Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру ережелерін бекіту туралы" N 319/3 қаулысының (2007 жылғы 14 мамырда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-2-65 тіркелген, 2007 жылғы 17 мамырда қалалық "Ақжол - Новый путь" N 21 газетінде жарияланған).

2. Ақсу қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 25 шілдедегі "Ақсу қаласы әкімдігінің 2007 жылғы сәуірдегі "Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру ережелерін бекіту туралы" N 319/3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 591/5 қаулысы (2007 жылғы 9 тамызда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-2-69 тіркелген, 2007 жылғы 16 тамызда қалалық "Ақжол - Новый путь" N 34 газетінде жарияланған).

3. Ақсу қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қазандағы "Ақсу қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 860/7 қаулысы (2007 жылғы 12 қарашада нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-2-72 тіркелген, 2007 жылғы 15 қарашада қалалық "Ақжол - Новый путь" N 47 газетінде жарияланған).

4. Ақсу қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы "Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру ережелерін бекіту туралы" N 319/3 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 118/2 қаулысы (2008 жылдың 15 сәуірде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-2-84 тіркелген, 2008 жылдың 24 сәуірде N 18 "Ақжол - Новый путь" қалалық газетінде жарияланған).

5. Ақсу қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы "Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру ережелерін бекіту туралы" N 319/3 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" N 578/3 қаулысы (2008 жылдың 24 қыркүйегінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-2-94 тіркелген, 2008 жылдың 2 қазандағы N 41 "Ақжол - Новый путь" қалалық газетінде жарияланған).

6. Ақсу қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 7 қарашадағы "Ақсу қаласында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді беру ережелерін бекіту туралы" N 319/3 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 724/4 қаулысы (2008 жылдың 28 қарашада нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-2-109 тіркелген, 2008 жылдың 11 желтоқсанда N 51 "Ақжол - Новый путь" қалалық газетінде жарияланған).